

Қазақ ССР Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетін құру туралы

Күшін жойған

Қазақ Советтік Социалистік Республикасы Президентінің Жарлығы 1991 жылғы 11 қыркүйек N 442. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Жер ресурстарын басқару саласында біртұтас мемлекеттік саясат жүргізу және жер реформасы бойынша жұмыстарды тікелей орындауды ұйымдастыру мақсатында, сондай-ақ "Қазақ ССР-індегі жер реформасы туралы" Қазақ ССР-інің 1991 жылғы 28 маусымдағы Заңына сәйкес:

1. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және азық-түлік министрлігі мен халық депутаттарының облыстық Қенестері атқару комитеттерінің жерге орналастыру қызметінің негізінде Қазақ ССР Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті құрылсын.

2. Қазақ ССР Министрлер Кабинеті осы Жарлықты жүзеге асыру жөнінде қажетті шаралар қолдансын.

*Қазақ Советтік Социалистік
Республикасының Президенті*